

Кеден органы кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарын есептеу жағдайларының сыныптауышына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 132 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 52-бабы 4-тармағына және 71-бабы 3-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Кеден органы кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарын есептеу жағдайларының сыныптауышына (2017 жылғы 7 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының № 137 шешімімен бекітілген кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есептеу есебін толтыру және мұндай есепке өзгерістер (толықтырулар) енгізу тәртібіне № 1 қосымша) қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң, бірақ 2023 жылғы 25 желтоқсанда қол қойылған 2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама күшіне енген күннен ерте емес күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының төрағасы*

Б. Сағынтаев

2025 жылғы "24" желтоқсандағы
Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
№ 132 Шешіміне
ҚОСЫМША

Кеден органы кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарын есептеу жағдайларының сыныптауышына енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 1708 коды бар позициядан кейін келесі мазмұндағы XVIII тарауымен толықтырылсын:

"Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 309 ^б -бабының 17-тармағында көрсетілген мән-жайлардың туындауы.	
1801	жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларының кеден қоймасы кедендік рәсімінің қолданылуы аяқталғанға дейін жоғалуы, авария немесе еңсерілмейтін күштің әсері салдарынан жойылуды және (немесе) қайтарымсыз жоғалуды не қалыпты тасымалдау (тасу) және (немесе) сақтау жағдайларында табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалуды қоспағанда
	жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты Еуразиялық

1802	экономикалық одақтың Кеден кодексінің 309 ⁶ -бабының 13-тармағында көрсетілген мерзімдер ішінде электрондық сауда тауарларына арналған декларацияның берілмеуі
1803	жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларын Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 309 ⁶ -бабының 4-тармағының 2 және 3-тармақшаларына және 5-тармағына сәйкес кеден қоймасы кедендік рәсімінің қолданылуы аяқталғанға дейін құрылыстардан (үй-жайлардан, алаңдардан) әкету не Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 309 ⁶ -бабының 10-тармағында көзделген кеден органын хабардар етпей әкету".

2. XVIII тарауда:

- а) атауындағы "XVIII" цифрлары "XIX" цифрларымен алмастырылсын;
- б) "1801" коды "9999" кодымен алмастырылсын.